

Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің 8D087 – Қоршаған ортаны қорғау технологиясы кадрларды даярлау бағыты 6D060800 (8D05201) – «Экология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ұсыну үшін диссертация қорғау бойынша диссертациялық кеңестің 2024 жылғы 27 қыркүйегіндегі отырысының № 13 хаттамасы

Қатысушылар:

Серикбаева А.К., т.ғ.к., профессор (төраға);
Махамбетов М.Ж., PhD, қауымдастырылған профессор(төраға орынбасары);
Сырлыбекқызы С., PhD, профессор (диссертациялық кеңестің хатшысы)

Кеңес мүшелері:

1. Абдибаттаева М.М., т.ғ.д., профессор (онлайн)
2. Мадиебеков А. С., PhD (онлайн)
3. Канаев А. Т., б.ғ.д., профессор (онлайн)
4. Насибулина Б.М., профессор, б.ғ.д., 03.00.16. (онлайн)

Ресми рецензенттер:

1. Заядан Б.К., б.ғ.к., профессор.
2. Әбдімүтәліп Н.Ә., PhD, қауымдастырылған профессор.

Күн тәртібінде:

1. «Таулы Маңғыстаудағы Шетпе Оңтүстік бор кенорнындағы Каспий Цемент зауыты аймағының өсімдіктер және жануарлар әлемінің биоалуантүрлілігін сақтау» тақырыбында философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған диссертациялық жұмыстың қорғалуы.

Тыңдаушылар:

Төраға: Құрметті диссертациялық кеңес мүшелері және диссертациялық кеңеске, қорғауға қатысып отырған профессорлық-оқытушылар құрамы, қонақтар! Диссертациялық кеңес отырысының кворумы бар, кеңес мүшелері толық қатысып отыр. Алдымен диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелерінің құрамымен және диссертациялық кеңестің уақытша мүшелерінің құрамымен таныстырып өтейін. Бүгінгі диссертациялық кеңес Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің жанындағы диссертациялық кеңесте 8D087 – Қоршаған ортаны қорғау технологиясы 6D060800 (8D05201) – «Экология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Жидебаева Айнуір Ербулатовнаның «Таулы Маңғыстаудағы Шетпе Оңтүстік бор кенорнындағы Каспий Цемент зауыты аймағының өсімдіктер және жануарлар әлемінің биоалуантүрлілігін сақтау» тақырыбындағы диссертация қорғалады. Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері:

1. Серикбаева Акмарал Кабылбековна – Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің профессоры, т.ғ.к., төраға.
2. Махамбетов Мурат Жаракович – PhD, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің қауымдастырылған профессоры, төраға орынбасары.
3. Сырлыбекқызы Самал – PhD, «Экология және геология» кафедрасының профессоры, ғылыми хатшы.
4. Абдибаттаева Марал Мауленовна – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, т.ғ.д., профессор.

Диссертациялық кеңестің уақытша құрамымен таныстырайын:

1. Мадиебеков Азамат Сансызбаевич – «География және су қауіпсіздігі институты» акционерлік қоғамының зертхана басшысы, PhD; онлайн қатысып отыр.

2. Канаев Ашимхан Токтасынович – б.ғ.д., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Биология және биотехнология» факультеті, «Биоалуантүрлілік және биоресурстар» кафедрасының профессоры; онлайн қосылып отыр.

3. Насибулина Ботагоз Мурасовна – биология ғылымдарының докторы, «Экология, табиғатты пайдалану, жерге орналастыру және тіршілік қауіпсіздігі» кафедрасының профессоры, «В. Н. Татищев атындағы Астрахан мемлекеттік университеті», Ресей; онлайн қосылып отыр.

Ғылыми кеңесшілер:

1. Сырлыбекқызы Самал – PhD, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, «Экология и геология» кафедрасының профессоры.

2. Волкова Ирина Владимировна – биология ғылымдарының докторы, профессоры, Астрахань мемлекеттік техникалық университеті, Ресей.

Ресми рецензенттер:

1. Заядан Болатхан Қазыханұлы – биология ғылымдарының докторы, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» биология және биотехнология факультетінің профессоры;

2. Абдимуталип Нурлыбек Абдимуталипулы – PhD, жаратылыстану факультетінің қауымдастырылған профессоры, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті.

Ғылыми хатшы Самал Сырлыбекқызы докторанттың ғылыми кеңесшісі болғандықтан, соған байланысты хатшы ретінде диссертациялық кеңес мүшесі Махамбетов Мурат Жараковичке осы қызметті ұсынамыз, яғни ізденушінің жеке ісіндегі бар құжаттарымен таныстыру үшін Мурат Жараковичке хатшы ретінде сөз беріледі.

/Диссертациялық кеңестің хатшысы диссертациялық кеңеске келіп түскен құжаттармен таныстырады/.

Диссертациялық кеңес төрағасы: Рахмет, докторанттың жеке ісіндегі барлық құжаттар бойынша сұрақтарыңыз бар ма, диссертациялық кеңестің мүшелері!?

Кеңес мүшелері: Сұрақ жоқ!

Диссертациялық кеңес төрағасы: Сұрақтар болмаса, диссертациялық жұмыстың мазмұнын баяндау үшін келесі сөз кезегі докторантқа беріледі.

Регламент: 20 минут.

/Ізденуші Жидебаева А.Е. диссертациялық зерттеудің негізгі нәтижелерін баяндайды/

Диссертациялық кеңес төрағасы: Докторант диссертациялық жұмысы бойынша баяндамасын аяқтады. Диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша докторантқа қоятын сұрақтарыңыз бар ма? Бүгінгі диссертациялық кеңестің отырысы онлайн және офлайн форматта өтіп жатыр. Сондықтан, онлайн форматта қатысып отырған диссертациялық кеңестің мүшелері, докторантқа сұрақтарыңыз бар ма?

Насибулина Ботагоз Мурасовна: Можно задать вопрос: что именно вы имеете в виду под биоразнообразием? Какие растения и животные обитают?

Жидебаева А.Е.: Сұрағыңызға рахмет! Биоалуантүрлікке өсімдіктер мен жануарларды жатқызамыз, өз кезегінде сақтау. Зерттеу ауданы шөлді аймақта орналасқан, Сондықтан, зерттелетін аймақтағы өсімдіктер өте сирек таралған. Шөлді аймақта жусан, бұйырғын, көкпек, ит сиек, ебелек, адыраспан, сораншөп, қараған ландшафттарының қуатты дамуымен сипатталады. Ебелек зерттеу аймағында таралатындардың негізі болғандықтан, зерттеуді ебелекке жүргіздім. Бұл аймақта шаң басуға тұссыздандырылған су қолдану топырақтың сортаңдануын болдырмауға әсер етеді, ол өз кезегінде өсімдіктердің түрінің көбеюіне, яғни жануарлар әлемінің қорек көзінің көбеюіне тікелей әсер болады. Бұның техникалық шешімі ретінде баламалы энергия қолданып су тұссыздандыру қондырғысын жасақтау маңызды екендігі жұмыс барысында дәлелденді.

Насибулина Ботагоз Мурасовна: Следующий вопрос как вы провели экологическую оценку состояния окружающей среды на территории завода?

Жидебаева А.Е.: Рахмет сұрағыңызға! Ең алдымен Mapinfo professional v. 12 ортасында құрастырылған зерттеу аймағының карта-схемалары жасалды. Атмосферадағы қоспалардың таралуын «ЭРА» және атмосфераның ластануын еспетеудің бірыңғай бағдарламалық кешенімен зерттелді. Топыраққа, өсімдікке физикалық-химиялық зерттеулер жүргіздім.

Насибулина Ботагоз Мурасовна: Спасибо! Вопросов нет.

Диссертациялық кеңес төрағасы: Сұрақтарыңыз бар ма?

Заядан Болатхан Қазыханұлы: Ауыр металдарды анықтағансыз, ол бор өндірісі цемент өндірісінен көп бөлінетін ауыр металдарға тоқталсаңыз. Екінші сұрағым ластанғаның қандай тәсілдермен анықтадыңыз?

Жидебаева А.Е.: Сұрағыңызға рахмет! Топырақтың және өсімдіктің ластанғаның анықтау үшін, ең алдымен үш зерттеу алаңын анықтап алынды. 3А-1 бойынша зауыт аймағындағы топырақтың жай-күйін зерттеу топырақтың жылжымалы ауыр металдардың формаларымен полиметалл ластануының болуын көрсетеді. 3-2 алаңы бойынша. Қатардың басында-кадмий (қауіптіліктің 1-ші класы), содан кейін никель орналасты. Ал, 3А-3-те қалған екі 3А салыстырғанда (3-3 алаңы) ең таза болып табылады. Осылайша, 3-1 алаңы қатты ластану аймағына, 3-2 орташа ластану аймағына, 3 – 3 әлсіз ластану аймағына жатады. Зерттеу нәтижелері бойынша алынған деректер өзекті және уақтылы болып табылады және осы аймақты одан әрі бақылау үшін пайдаланылуы мүмкін. Өсімдіктерді де осы үш зерттеу алаңынан алып, ауыр металдардың құрамын анықтау үшін өсімдік жапырақтарынан сынама алынды. Іріктеу үшін 10 × 10 м учаскелер таңдалды, олардың жасына сәйкес өсімдіктер таңдалды. Өсімдік жапырақтарын жинау өсу тоқтағаннан кейін (тамызда) жүргізілді. Жиналған материал бөліктерге кесілді, олардың мөлшері шамамен 40 мм-ге дейін болды. Материал жақсы ұнтақталған тығынмен контейнерге салынып, бекітетін қоспаға толтырылды. Анатомиялық препараттар ТОС-2 мұздатқыш қондырғысы бар микротомды қолданып, сонымен қатар қолмен (лезвием) кесілді. Анатомиялық бөлімдердің микрографтары САМ V500В. 6М бейнекамерасы бар 1,5 мегапиксель, ажыратымдылығы 1440 x 1080 пиксель MEIJİ микроскопының көмегімен жасалды. Бұл зерттеулер аккредиттелген сынақ зертханаларында жүргізілді.

Заядан Болатхан Қазыханұлы: Жақсы рахмет!

Абдибаттаева Марал Мауленовна: Саламатсыздар ма! Сұрақ қойсам рұқсат па?

Диссертациялық кеңес төрағасы: Рұқсат, қоя беріңіз!

Абдибаттаева Марал Мауленовна: Менде бірнеше сұрақтар болып тұр.

1. Екі бассейнде тәжірибелік сынақтар жүргіздіңіз. Қай бассейн тиімді және тиімді екендігін қандай параметрлермен анықтадыңыз? Бұл менің бірінші сұрағым.

2. Осы жерде келесі сұрақ туындап отыр. 1-ші бассейнді тәуліктік өнімділігі қандай?

3. Дистиллятордың өнімділігін ары қарай да арттыруға болады ма?

Жидебаева А.Е.: Рахмет сұрағыңызға! Бірінші сұрағыңызға келетін болсам, 2-ші бассейн 1-ші бассейнге қарағанда жоғары өнімділікті көрсетті, тәулігіне конденсаттың жалпы шығымы 8,717 кг құрады. Дистиллятордың тиімді екендігі тәулігіне өндірілген судың мөлшерімен анықтадым.

2-ші сұрақ 1-ші бассейнді тәуліктік өнімділігі туралы болды, тәуліктік өнімділік 2,094 кг құрайды. 2-ші бассейнді тиімділігі 6,623 кг құрайды. Бұл тәуліктік көрсеткіштен байқалды.

Абдибаттаева Марал Мауленовна: Келесі сұрағым дистиллятордың өнімділігін ары қарай да арттыруға болады ма?

Жидебаева А.Е.: Күн дистилляторының өнімділігін бассейндердің көлемін ұлғайту, су қабатының қалыңдығын азайту және тұщыландырған судың шығынын реттеу арқылы арттыруға болады, яғни дұрыс дизайн шешімдерінің маңыздылығын көрсетеді. Нәтижелер температура айырмашылығы және күн радиациясының қарқындылығы сияқты қоршаған орта факторларына да байланысты.

Абдибаттаева Марал Мауленовна: Рахмет, менің сұрағым жоқ.

Диссертациялық кеңес төрағасы: Менде осы күн дистилляторлары бойынша сұрақ. Күн дистилляторлары негізінде тұщытылған суды шаң басуда пайдалану басқа елдерде практикада қолданылады ма?

Жидебаева А.Е.: Сұрағыңызға рахмет! Қазіргі таңда күн дистилляторлармен шаңды басу үшін тұщыландырылған суды пайдалану кейбір елдерде, әсіресе су ресурстары шектеулі және тұрақты температурасы бар аймақтарда қолданылады, соның ішінде Маңғыстау өңірінде жатқызуға болады. Израиль, Оңтүстік Африка Республикасы және кейбір Таяу Шығыс елдері сияқты елдерде тұщыландыру және күн энергиясы технологиялары белсенді түрде зерттелуде және қолданылуда. Бұл әсіресе шөл климатына қатысты, онда шаң үлкен проблемаға айналуы мүмкін. Шаңды басу үшін тұщыландырылған суды пайдалану ауа сапасын жақсартып қана қоймайды, сонымен қатар ресурстарды тұрақты тұтынуды қамтамасыз етеді. Олар активті және пассивті болып бөлінеді. Бұлтты күндер көп аймақтарды пассивті, ал жауын-шашын аз түсетін, ыстық аудандарды активті аймаққа жатқызады.

Диссертациялық кеңес төрағасы: Диссертациялық жұмыс бойынша зерттеу жүргізуде «Жас ғалым» жобасы аясында қандай жұмыстар жүргізілді?

Жидебаева А.Е.: Сұрағыңызға рахмет! Жұмыстың барлығы жас ғалым жоба аясында жүргізілді. Аккредиттелген сынақ зертханаларында талдау жүргіздім және «Бассейн типтес су тұщытқыш» тақырыбында пайдалы модельге патент алынды. Scopus базасына енетін 35 процентильде журналға мақалам шықты. Осы жоба аясында көптеген қаражатты талап ететін ArcGIS бағдарламасына қол жеткіздім. Сол бағдарламаны пайдаланып биоалуантүрлілік дерекқоры мен сандық карталары құрылды. Стамбул қаласында орналасқан Йылдыз Техник университетінде шетелдік тағылымдамадан өттім. Біраз жұмыстар жасалынды.

Диссертациялық кеңес төрағасы: Ашимхан Тохтасынович сұрағыңыз бар ма?

Канаев Ашимхан Тохтасынович: Сұрақ берсем болады ма? Дауысым естіліп жатыр ма?

Диссертациялық кеңес төрағасы: Естіліп тұр.

Канаев Ашимхан Тохтасынович: Екі сұрағым бар. Бірінші сұрағым гелиокондырғының суреттерін қайдан алдыңыз? Егерде басқа ғалымдардың еңбегі болса, сілтеме жасау керек едіңіз. Оны өздеріңіз жасадық қымбат прибор алып деп айтып жатырсыз, көңілге қонымды. Екінші сұрағым – басқа ғалымдармен жұмыс жасадыңызба? Қытай Технологиялық университетінде болған кезімде керемет зертханалар көрсетті, сіздің жұмысқа ұқсас зерттеулер көрген едім. Оларда бірақ химиялық әртүрлі сорбенттер арқылы тозаң микробөлшектерін сорбенттеп шаңдарды басады екен, сіздің жұмыстың қандай айырмашылығы бар?

Жидебаева А.Е.: Сұрағыңызға рахмет! Бірінші сұрақ бойынша бұл қондырғыны өзіміз жасақтап, қазіргі таңда Есенов университетінің ауласында пайдаланымыз, жер асты суларын тұщыландыру үшін гоферден жасалған жаңа бассейн дизайны болып табылады.

Канаев Ашимхан Тохтасынович: Жауабыңызға рахмет, қанағаттандым!

Диссертациялық кеңес төрағасы: Сұрақтарыңыз бар ма?

Махамбетов Мурат Жаракович: Менде мынадай сұрақ бар бірінші сұрағым өсімдіктердің анатомиялық құрылысын көрсеткен слайдқа қойсаңыз. Мына жерде өсімдікке зерттеулер қай уақытта жүргізілді және дәл осы өсімдіктің қай мүшесіне шаңның әсері бар?

Жидебаева А.Е.: Сұрағыңызға рахмет! Өсімдіктерді алу екі кезеңнен тұрады. Күзде және көктемде. Алынған өсімдіктерге зертханалық талдаулар жүргізіледі. Өсімдіктің қай мүшесі қатты ластанғаның слайдтан байқауға болады, эпидермистің қалыңдығы мен тамырлы шоғырының мөлшері аздап өзгерді. Демек ең бірінші ластану тамырдан бастау алып тұр. Бұл дегеніміз шаң арқылы ауыр металдар топыраққа түсіп тамыр арқылы ластауда.

Махамбетов Мурат Жаракович: Екінші сұрағым цемент зауытынан шаңның таралу жиелігі қандай? Неше километрге дейін тарайды? Сол аймақта орналасқан өсімдіктер мен жануалардың кездесу мүмкіндіктері

Жидебаева А.Е.: Цемент зауыты мен Шетпе кентінің араасы 150 км құрайды, ал 75 шақырымға ластанған аймақ деп айтуға болады. Бастапқы цемент зауытының айналасынан сынамаларын алынды, одан кейін 50 м шақырымға дейін тау етігінен алынып ластанғаны байқалды. Бұл желдің әсеріне де байланысты.

Махамбетов Мурат Жаракович: Сіз шаңды басу үшін гелиокондырғы ойлап таптыңыз, енді оны заводқа қолданып көрдіңізба?

Жидебаева А.Е.: Жылжымалы гелиокондырғы жел қай бағыттан соқса сол бағытқа орналастыруға болады.

Махамбетов Мурат Жаракович: Ұсынылып тұрған гелиокондырғының тиімді және теріс жақтарын атап өтіңізші

Жидебаева А.Е.: Энергияны күн көзінен алады энергия үнемделеді, суды өңдеу және шығарындарын азайту (химиялық реагент шығыны болмайды), суды тасымалдау шығыны азаяды, шаң басуға тұзсыз су пайдаланады. Ал теріс жақтарына келетін болсам күн көзінің қарқындылығын, күн, ай, жыл ішінде өзгерістерінің күні бұрын нақты анық болмайды.

Махамбетов Мурат Жаракович: Рахмет!

Диссертациялық кеңес төраға орынбасары: Жақсы, рахмет! Сұрақтарыңыз бар ма? Жеткілікті дәрежеде сұрақтар қойылды деп есептейміз, сұрақтар жоқ болса ғылыми кеңесшілерге сөз беріледі.

1-ші ғылыми кеңесші: PhD, «Экология және геология» кафедрасының профессоры Сырлыбекқызы Самалға сөз беріледі

/Сырлыбекқызы С.оң пікірін білдірді. Пікір тіркелді/.

Диссертациялық кеңес төрағасы: Рахмет! Екінші ғылыми кеңесшісі Волкова Ирина Владимировнаның іс сапарда болуына байланысты ғылыми хатшыға пікірмен таныстыруға сөз кезегін ұсынамыз

/Ғылыми хатшы шетелдік кеңесші пікірін оқыды. Оң пікірін білдірді. Пікір тіркелді/.

Диссертациялық кеңес төрағасы: Рахмет, Мурат Жаракович! Ары қарай сөз кезегін бірінші ресми рецензент биология ғылымдарының докторы, «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының биология және биотехнология факультетінің профессоры, ҚР академигі Заядан Болатхан Қазыханұлына сөз кезегі беріледі.

Бірінші рецензент б.ғ.д., профессор Заядан Б.Қ. өз пікірін оқыды (ресми рецензенттің пікірі тіркелді).

Диссертациялық кеңес төрағасы: Болатхан Қазыханұлы, диссертациялық жұмысты жан-жақты зерттеп, оқып өзіңіздің сын-пікіріңізді келтіргеніңіз үшін алғысымызды білдіреміз! сын-ескертпелерге жауап беру үшін келесі сөз кезегі докторант Айнур Ербулатовнаға беріледі.

/Ізденушіге ескертпелерге жауап беруге сөз берілді /.

Диссертациялық кеңес төрағасы: Болатхан Қазыханұлы, докторанттың сын-ескертпелерге берген жауабына қанағаттанасыз ба?

Заядан Болатхан Қазыханұлы: Ия, қанағаттанамын!

Диссертациялық кеңес төрағасы: олай болса, сөз кезегін екінші рецензентке, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің PhD докторы қауымдастырылған профессор Әбдімүтәліп Нұрлыбек Әбдімүтәліпұлына беріледі.

/Әбдімүтәліп Н.Ә. оң пікірін оқыды. Рецензент пікірі тіркелді/.

Диссертациялық кеңес төрағасы: Келесі сөз рецензент Нұрлыбек Әбдімүтәліпұлының сын-ескертпесіне жауап беру үшін докторант Айнур Ербулатовнаға беріледі.

/Ізденушіге ескертпелерге жауап беруге сөз берілді/.

Диссертациялық кеңес төрағасы: Жақсы, рахмет! Келесі диссертациялық кеңестің қорғау реті бойынша жұмысты талқылауға көшейік. Онлайн диссертациялық кеңестің мүшелері арасында сөз сөйлейтіндер болса, сөз сөйлесеңіздер! Талқылау бойынша өз ойларыңызбен бөлісуге болады.

Насибулина Ботагоз Мурсовна: Можно сказать, что сегодня Айнур Ербулатовной проделана огромная работа. Это комплексная работа, направленная на улучшение состояния окружающей среды, на восстановление и сохранение, и это, безусловно, очень актуально. Хорошо, что с этой темой работают. Они заботятся о том, что уже есть, хотят сохранить свою фауну и растительность, а также улучшить существующее. Это очень хорошая работа, и я считаю, что она была проделана на высоком уровне. Новизна и актуальность ее исследований, безусловно, налицо. Я считаю, что эта работа достойна той степени, на которую она претендует, то есть звания доктора философии, PhD. Спасибо!

Диссертациялық кеңес төрағасы: Рахмет! Келесі сөз сөйлейтіндер бар ма?

Абдибаттаева Марал Мауленовна: Бір-екі сөз айтуға болады ма?

Диссертациялық кеңес төрағасы: Иә, иә, Марал Мауленовна сөз кезегі өзіңізде!

Абдибаттаева Марал Мауленовна: Бүгін Айнур Ербулатовнаның диссертациялық жұмысы өте өзекті деп есептеймін. Өйткені, бүгінгі таңдағы өткір мәселелердің біріне арналған. Яғни, диссертациялық жұмыста үлкен ауқымды жұмыстар жүргізілген. Тек қана бір ғана объект алынбаған, тұтастай кешенге зерттеу жұмыстарын жүргізген. Жұмыс заманауи бағдарламалық пакеттерді пайдаланумен орындалған. Көптеген зертханалық жұмыстар жүргізген. Енді бұл жұмыстың маңыздылығын айтатын болсақ, негізінен осы докторлық диссертацияларға қойылатын талаптардың бірі осы техникалық шешімдер ұсыну, яғни бұл кісінің жұмысында осы қоршаған ортаға зиянды әсерді төмендету бойынша, соның ішінде шаңды басу, шаңмен бірге бөлінетін ауыр металдарға шаң бөлшектеріне отырып, атмосфераның ауа ластануына әрі қарай топырақтың ластануына алып келіп қоректік тізбек арқылы өсімдіктерге, жануарларға өтіп жалпы бүкіл қоршаған ортадағы құраушы элементтердің бәріне зиян әкеліп соқтырады. Зиянды әсерін төмендету бойынша өзінің шешімін ұсынған, шешімі патент арқылы дәлелденіп оң шешімі алынған. Көп зерттеу жұмыстары жүргізілгендіктен осы жұмысты қолдауларыңызды сұраймын. Рахмет!

Диссертациялық кеңес төрағасы: Рахмет! Тағы да жұмыс бойынша сөз сөйлейтіндер бар ма?

Заядан Болатхан Қазыханұлы: Айтып кетсем бола ма? Ғылыми зерттеу жұмыстың негізін объектіден бастады. Сол біздің зерттеуші Жидебаева Айнур Ербулатовнаның объектісі маңызды болып отыр. Нағыз ластанған кенорындары соның ішінде цемент, сол кенорынның экологиялық ластанғанын көрсетеді. Ішіндегі элементтердің бәріне талдау жүргізіп, ауыр металдарға экологиялық тілмен айтқанда абиотикалық және биотикалық факторларды қарастырады. Тек оны қарастырмай өсімдіктер мен жануарлар аймағында қандай зардап шегіп жатқанын тағы көрсетеді. Бұл бір биотестінің бақылаудың маңыздылығы мен бақылау тәсілі мен экожүйеге баға беру. Енді соны қайтадан тазалауға көңіл бөледі. Нәтижесінде барлық саланы зерттегеннен кейін гелиокондырғыны пайдаланып тұщы сумен шаңды басу арқылы қоршаған ортаны қайтадан қалпына келтіру экологиялық жүйені өсімдіктер аймағы болсын, жануарлар аймағы болсын соның бәрін қалпына келтіруге осындай жағдай жасап, ластанған экожүйені қалпына келтіру мәселесін шешкен. Бір шешімге келген, өте үлкен жұмыс. Осындай жұмыстың нәтижесінде патент алынған, «Жас ғалым» жобасына қатысып соның бәрін орындап бүгін мына біздің алдымызға үлкен жақсы баяндама жасады. Бұл баяндаманы біз қуанып тыңдадық, осындай жақсы диссертацияны менің сіздерге айтарым қолдау керек. Жидебаева Айнур Ербулатовнаға философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Диссертациялық кеңес төрағасы: Тағы ұсыныс айтатындарыңыз болса, болмаса ары қарай жалғастырсақ. Есеп комиссиясын құруға кірісейік. Есеп комиссиясы келесі құрамда ұсынылады. Бірінші Әбдімүтәліп Нұрлыбек Әбдімүтәліпұлы, содан кейін Махамбетов Мурат Жаракович және Абдибаттаева Марал Мауленовна осы үш адамнан тұрады. Есеп комиссиясының төрағасы ретінде Әбдімүтәліп Нұрлыбек Әбдімүтәліпұлын сайласақ келісесіздер ме? Құрамымен келісесіздер ме диссертациялық кеңестің мүшелері!?

Махамбетов Мурат Жаракович: Келісеміз!

Чатқа жіберілген сілтеме бойынша. Құрамдағы 8 адаммен және рецензенттер дауыс бере алады. Екі рецензент те. Барлығыңызда сілтеме ашылып тұр ма? Болмаса қағаз нұсқасы да бар. Онлайн дауыс бергендердің жауабы программистке келіп түседі. Есептік комиссия құрамынан басқалары шығып кетейік. ҮЗІЛІС.

ҮЗІЛІСТЕН КЕЙІН

Есептік комиссия төрағасы, PhD, қауымдастырылған профессор Әбдімүтәліп Н.Ә.:

Комиссия философия докторы PhD дәрежесін алу үшін Жидебаеваның диссертациясы бойынша жасырын дауыс беру кезінде дауыстарды санау үшін комиссия сайланды. Диссертациялық кеңестің құрамы біз 8 адам санында бекітілді. Келесі құрамында қосымша шешу дауыс құқығымен 8 адам енгізілді. Отырысқа 8 кеңес мүшелері, оның ішінде бәрі осы диссертацияға сәйкес келеді. Жидебаеваға философия докторы PhD дәрежесін беру мәселесі бойынша дауыс беру нәтижелері «докторантқа философия докторы PhD дәрежесін беру үшін комитет алдында өтінім жасау» – 8 адам. «Диссертацияны пысықтауға жіберу» – 0. «Диссертацияны қайта қорғауға жіберу» – 0. «Докторантқа философия докторы PhD дәрежесін беру үшін комитет алдына ұсыныс жасаудан бас тарту» – 0.

Төраға: Қорытынды сөз ізденушіге беріледі.

/Ізденуші алғыс сөз сөйлейді/.

Диссертациялық кеңес төраға орынбасары: диссертациялық кеңестің қорғауы бойынша қорытындылау жасауымыз қажет. Қорытынды танысу үшін алдын ала чатқа жіберілген.

/Диссертациялық кеңес қорытындысының жобасын талқылайды/.

«6D060800 (8D05201) – Экология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған Жидебаева Айнура Ербулатовнаның «Таулы Маңғыстаудағы Шетпе Оңтүстік бор кенорнындағы Каспий Цемент зауыты аймағының өсімдіктер және жануарлар әлемінің биоалуантүрлілігін сақтау» тақырыбындағы диссертациясы бойынша Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетіндегі 8D087-Қоршаған ортаны қорғау технологиясы кадрларды даярлау бағыты 6D060800 (8D05201) – Экология» мамандығы бойынша диссертациялық кеңестің

ҚОРЫТЫНДЫСЫ

1. «Ғылыми дәрежелерді беру қағидалары» 2,6,7-тармағының талаптары шеңберінде зерттеу тақырыбының өзектілігі

Өнеркәсіптік өндірістің қарқынды дамуы ел экономикасының өсуін ынталандыратыны сөзсіз, бірақ оның қоршаған ортаға тигізетін кері әсері адамзатты толғандыратындығы сөзсіз. Кері әсерлер табиғи экожүйелерді айтарлықтай өзгерістерге ұшыратып, кейбір түрлердің жойылуына әкеліп соғады. Түрлердің қарқындап жойылуы шұғыл зерттеп, тиімді шешімдерді іздеуді талап етеді.

Цемент өндірісінің қоршаған ортаны ластауға қосқан үлесіне ерекше назар аударылады. Құрамында қатты және газ тәрізді ластаушы заттары бар цемент шаңы табиғи ортаның барлық элементтеріне зиянды әсер етеді. Ол зауыт аймағындағы жабындарға тез сіңеді, бұл әсіресе техногендік әсерлерге сезімтал топырақ пен өсімдіктердің деградациясына әкеледі. Цемент шаңының жануарлар әлеміне тигізетін кері әсерін зерттеу де маңызды.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының 2022 жылғы қарашада облысқа келген сапарында қала шетіне заңсыз қоқыс төгу мен карьерлерді қазуды тоқтату қажет екенін тапсырған болатын. Ол үшін қалдықтарды кәдеге жаратудың арнайы бағдарламасын әзірлеу қажеттігін алға тартты.

Осыған байланысты Маңғыстаудың таулы аймақтағы, әсіресе, «Каспий-Цемент» зауыты мен Шетпе-Оңтүстік бор карьері аймағындағы өсімдіктер және жануарлар әлемінің жай-күйін егжей-тегжейлі зерттеу қажет. Ол үшін спутниктік суреттер мен ГАЖ технологияларын қолданған жөн. Бор өндірудің өсімдіктер және жануарлар әлеміне әсеріне физика-химиялық талдаулар жүргізу, сонымен қатар тау-кен өндірісінің геожүйелер мен биоәртүрлілікке әсерінің тұрақтылық факторларын негіздеу және саралау маңызды.

Кешенді зерттеулердің нәтижелері қоршаған ортаға жүктемені азайту және биоәртүрлілікті сақтау бойынша ұсыныстар мен шешімдерді әзірлеуге негіз болуы тиіс. Диссертациялық жұмыс осы мәселені терең зерттеп, оны шешудің тиімді жолдарын табуға бағытталған.

Жидебаева А.Е. диссертациялық жұмысы ғылыми-зерттеу жоспарына сәйкес келесі жоба аясында жасалған:

ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің «Жас ғалым» мемлекеттік гранты аясында 2023-2025 жж. АР19175489 «Шетпе-Оңтүстік бор карьерінің аумағында биоалуантүрлілікті сақтаудың экологиялық аспектілерін ГАЖ технологияларын қолданумен ғылыми негіздеу»

2. Жұмыста келесі жаңа және сенімді ғылыми нәтижелер алынды:

1) Маңғыстау облысының құрғақ және ыстық климаты жағдайында Шетпе Оңтүстік бор кен орны мен цемент зауытының кері әсер ету факторлары мен биоалуантүрлілікті сипаттайтын көрсеткіштердің өзара байланысына ғылыми зерттеу жүргізілді.

2) Құрғақ аймақ жағдайында өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің биоәртүрлілігінің маңыздылығын сапалы бағалау орындалды және зерттелетін аумақтың табиғатты пайдалануды басқаруды қамтамасыз ету үшін ландшафтты тұрақтандыру факторын ескере отырып, зерттеу аймағы мен «табиғи ареалдардың» биоалуантүрлілік дерекқоры мен сандық карталары құрылды.

3) Шетпе-Оңтүстік бор карьері мен цемент зауыты аймағындағы биоалуантүрлілікті сақтау жөніндегі іс-шараларды экологиялық-экономикалық бағалау және әдістемелік тәсілді қалыптастыру жүргізілді.

4) Шетпе-Оңтүстік бор карьері мен цемент зауыты аймағында шаңды басу, топырақтың екіншілік сортаңдануын болдырмау және металл бұйымдарының коррозиясын алдын алу мақсатында құрғақ аймақтарда жерасты тұзды суын тұщыландыруда жылжымалы гелиокондырғы ұсынылды және тұзсыздандырғыштың өнімділігін екінші бассейнді пайдалану арқылы ұлғайтуға қол жеткізілді.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келесі нәтижелер алынды:

1. Маңғыстау облысының құрғақ және ыстық климаты жағдайында Шетпе Оңтүстік бор кен орны мен цемент зауытының кері әсер ету факторлары мен биоалуантүрлілікті сипаттайтын көрсеткіштердің өзара байланысына ғылыми зерттеу жүргізілді.

2. Құрғақ аймақ жағдайында өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің биоәртүрлілігінің маңыздылығын сапалы бағалау орындалды және зерттелетін аумақтың табиғатты пайдалануды басқаруды қамтамасыз ету үшін ландшафтты тұрақтандыру факторын ескере отырып, зерттеу аймағы мен «табиғи ареалдардың» биоәртүрлілік дерекқоры мен сандық карталары құрылды.

3. Шетпе-Оңтүстік бор карьері мен цемент зауыты аймағындағы биоалуантүрлілікті сақтау жөніндегі іс-шараларды экологиялық-экономикалық бағалау және әдістемелік тәсілді қалыптастыру жүргізілді.

4. Шетпе-Оңтүстік бор карьері мен цемент зауыты аймағында шаңды басу, топырақтың екіншілік сортаңдануын болдырмау және металл бұйымдарының коррозиясын алдын алу мақсатында құрғақ аймақтарда жерасты тұзды суын тұщыландыруда жылжымалы гелиокондырғы ұсынылды және тұзсыздандырғыштың өнімділігін екінші бассейнді пайдалану арқылы ұлғайтуға қол жеткізілді.

5. Ізденуші алған нәтижелер ішкі бірлік қағидаты негізінде сипатталады. Диссертациялық жұмыста тәжірибелік зерттеулер көлемі, әдістемелік деңгейі, алынған

мәліметтердің жаңалығы, маңыздылығы қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін кешенді бағалау кезінде және шаруашылық қызмет объектілерінің қоршаған ортаға әсерін бағалау жөніндегі жобаларды әзірлеу кезінде практикалық маңызға ие екендігі және халық денсаулығына қатысты өзекті мәселелерін шешуге септігін тигізетіндігі көрсетілген.

6. Алынған нәтижелер диссертация тақырыбы бойынша жоғары ғылыми және әдістемелік дәрежеде жасалған. Шетпе Оңтүстік бор карьері мен цемент зауыты аймағының ғылыми негізделген экологиялық мониторингінің нәтижелерін, биоәртүрлілік дерекқоры мен сандық карталарын Маңғыстау облысының табиғи ресурстар алады.

Әзірленген су тұщыту жылжымалы гелиоқондырғысын карьер мен Каспий цемент зауыты аймағындағы шанды басу және зауыттың техникалық қажеттіліктеріне металл бұйымдарының тез істен шығуын алдын алу үшін жер асты тұзды суларын тұщыландыру үшін пайдалана алады. Бұл өндірістік сынақ есептерімен расталады.

7. Тәжірибеге енгізу үшін зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер Шетпе Оңтүстік бор карьері мен цемент зауыты аймағының ғылыми негізделген экологиялық мониторингінің нәтижелерін, биоәртүрлілік дерекқоры мен сандық карталарын Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғатты ұтымды пайдалану басқармасының мамандары пайдалана алады. Қол жеткізілген нәтижелер қазіргі заманғы озық компьютерлік технологияларды пайдалана отырып, аспаптық және әр түрлі зерттеу әдістерімен, диаграммалық өңдеу арқылы алынған.

Зерттеу аймағы мен «табиғи ареалдардың» биоәртүрлілік дерекқоры мен сандық карта-схемалары ғарыштық суреттерді қолдану және ГАЖ бағдарламаларын қолдану арқылы орындалды.

8. Диссертациялық жұмыс «Ғылыми дәрежелер тағайындау ережелерінің» тармақтары және ғылыми мамандықтардың талаптарына сәйкестігі. Жидебаева Айнуր Ерболатовнаның «Таулы Маңғыстаудағы Шетпе Оңтүстік бор кенорнындағы Каспий Цемент зауыты аймағының өсімдіктер және жануарлар әлемінің биоалуантүрлілігін сақтау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы жұмыстың көлемі, қойылған міндеттердің, нәтижелердің теориялық және тәжірибелік маңыздылығы бойынша ҚР Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелерін беру ережесіндегі» PhD диссертацияларына қойылатын талаптарының 2, 5, 6 тармақтарына толық сәйкес келеді.

Шешім қабылданды: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитетіне «Таулы Маңғыстаудағы Шетпе Оңтүстік бор кенорнындағы Каспий Цемент зауыты аймағының өсімдіктер және жануарлар әлемінің биоалуантүрлілігін сақтау» тақырыбы бойынша алынған жаңа ғылыми нәтижелер үшін Жидебаева Айнур Ербулатовнаға «8D05201 (6D060800) – Экология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға өтінім жасалсын.

ДИССЕРТАЦИЯНЫҢ ЖІКТЕЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

1. Диссертация нәтижесінің сипаттамасы
 - 1.1 сәйкес білім саласы үшін маңызды мәселені шешу;
 - 1.2 маңызды қолданбалы міндеттерді шешуді қамтамасыз ететін ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық әзірлемелер баяндалған.
 - 1.3 ғылыми негізделген техникалық, экономикалық немесе технологиялық шешімдер, оларды енгізу ғылыми-техникалық прогресті жеделдетуге айтарлықтай үлес қосады.
2. Диссертация нәтижелерінің жаңашылдық деңгейі
 - 2.1 нәтижелер жаңа;
 - 2.2 жеке нәтижелер жаңа емес;
 - 2.3 нәтижелердің едәуір бөлігі жаңа емес.
3. Диссертация нәтижелерінің мәні
 - 3.1 жоғары;
 - 3.2 қанағаттанарлық;
 - 3.3 қанағаттанарлықсыз.
4. Диссертация тақырыбының жоспарлы зерттеумен байланысы
 - 4.1 тақырып мемлекеттік және аймақтық ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламаларға немесе халықаралық ғылыми-зерттеу бағдарламаларына енгізілген;
 - 4.2 тақырып іргелі зерттеулер бағдарламасына, салалық бағдарламаға, ғылыми ұйымдар мен жоғары оқу орындарының жоспарларына енгізілген;
 - 4.3 бастамашылық жұмыс.
5. Қолданбалы маңызы бар диссертация нәтижелерін енгізу (пайдалану) деңгейі
 - 5.1 халықаралық деңгейде (лицензиялар сатылды, халықаралық гранттар алынды);
 - 5.2 салааралық деңгейде;
 - 5.3 сала ауқымында;
 - 5.4 ұйым шеңберінде.
6. Қолданбалы маңызы бар диссертацияның нәтижелерін кеңейтілген пайдалану бойынша ұсыныстар
 - 6.1 ұзақ пайдалануды талап етеді;
 - 6.2 ұзартылған пайдалануды қажет етпейді.

Диссертациялық кеңес төрағасы,
т.ғ.к., профессор

Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы
PhD, қауымдастырылған профессор



А.К. Серикбаева

М.Ж. Махамбетов